

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

ХАЛЫҚТАРДЫ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРУ ЖӘНЕ «КЕҢЕСТІК ҰЛТ» ҚҰРУ САЯСАТЫ

Мусағалиева А.С.

т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Асқарұлы Д.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Өткен ғасыр Еуразия даласында бұған дейін құлақ естіп, көз көрмеген өзгерістерімен адамзат жадында орын алды. Алтын Ордадан кейін жеке-жеке хандықтарға бөлініп кеткен бабаларымыз ғасырлар өте бұрынғы өздеріне бағынышты елге отар болып, тәуелсіздігін жоғалта бастады. Дегенмен, ақ патшаның өзі де 1917 жылғы төңкерістер нәтижесінде тақтан да бастан да айрылды. Алдағы күнге үмітпен қараған «бұратана» ұлттар большевиктердің болашақта іске асыратын зұлматтарын бастапқыда елестете де алмаған болар...

1922 жылы құрылған Кеңес Одағының барлық тарихы толықтай мифологизацияланған... Мысалы, азамат соғысы жұмысшылар мен шаруалардың зұлым буржуйларға қарсы әділетті соғысы ретінде бір жақты түсіндірілді; индустриализация мен коллективизация – кеңестік коллективтік жүйенің кулактарды жеңуі сипатында қарастырылды. Осы ретте ашаршылықтан қырылған миллиондаған азаматтар, колхоз жүйесінің шарасыздығы, кемшіліктері мүлдем аталынбады [1, 254 б.]. Бұл жерден КСРО идеологиясының белгілі бір қыры, «кеңестік ұлт» құру саясатының алғашқы қадамдарын көре аламыз. Нақтылар болсам, кеңестік азамат әрдайым айналасынан жау іздеумен, тоталитарлы билік бұйырған жағдайда аға-інісі немесе ата-анасына қарулы түрде қарсы шығуға даяр болуға міндеттелді.

Қазақстанның XX ғасырдағы тарихы уақыт ағымына байланысты шұғыл бетбұрыстарға ұшырап отырды. Отарлану салдарын басынан өткеріп отырған ел 1929-1931 жылдары аралығында 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулерін ұйымдастырды. Бұл көтерілісшілерге ресми деректерде кеңестік органдар «бандалар» деген айдар тақты. 1931 жылдың желтоқсанында Ф.И. Голощекин Сталинге жазған хатында соңғы екі жылда ірі «бандалардың» 34 000-дай адамы қатысқан 15 бас көтеруі болғанын, 1350 контрреволюциялық топтар жойылып, 7500 кісі қолға түскенін баяндайды [2, 14 б.]. Бұл мәліметтердің өзі Қазақстанда кеңестік биліктің үлкен қайшылықтар, күштеу шаралары мен ұлттық мүддені аяққа таптау арқылы орныққандығын дәлелдейді. Халық наразылығын қатаң тұншықтыру арқылы билік бас көтермейтін бағынышты тобырды құруды көздеді.

Алғашқыда қолдан жасалған азық-түлік тапшылығы, жоқтығы салдарынан ұлттың саны қысқартылды, кейін 1937-38 жылдары алдыңғы қатарлы қайраткерлер репрессияланды, физикалық түрде жойылды. Аштық қарсаңында республика халқының 60% қазақтар құрады, ашаршылықтан қаза тапқандардың 90%-ы да қазақтар болды. Аштық миллионнан аса қазақтың, шамамен республикадағы барлық қазақтардың 40% өмірін қиды [3, 6 б.]. Бұдан бөлек, ұрпағын аман сақтап қалу үшін көрші елдерге үдере көшкендер, жолда қызыл армия жазалаушылары мен өзге де топтар қолынан қаза тапқандар да ұлттың орны толмас қасіретіне айналды. 1897 жылы Ресей империясының халық санағында: великорос, малорос, поляк, белорус пен еврейден кейін саны жағынан 6-орында (4,1 млн адам) қазақтар деп есептелінген (қазақтар балалардың санын жасыруына байланысты 5,5 -6 млн деп санайтын деректер де бар) [4, 207б.]. Бір кездері қалың санды алтылыққа кірген ұлт осылайша жарты ғасыр ішінде одақ құрамында өз елінде саны аз ұлтқа айналып шыға келді... Қалың саны мен «ұлт қаймақтарынан» айрылған елімізді кеңестендіру қадамдары үздіксіз жалғаса берді.

Қазақстанды кеңестік билік уысынан шығармау үшін мемлекет құрушы қазақ ұлтының үлес салмағын азайтудың тағы бір амалы ретінде халықтарды күштеп жер аудару, депортация бірнеше кезеңмен жүргізілді. Кеңес одағында 1920-1940 жж. тұтас халықтар депортацияға ұшырады. 1936 жылы Қазақстанға Ресей, Украина, Белоруссиядан 360 мыңдай адам жер аударылды. 1937 жылы Қиыр Шығыстан 20141 кәріс отбасы (95421 адам), 1940-41

жылдары поляктар қоныс аударылып, ІІ Дүниежүзілік соғыс кезінде олардың саны 105 мыңға жетті. 1941 жылдың 28 тамызындағы «Еділ жағалауында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлыққа сәйкес елімізге 420 мың неміс ұлтының өкілдері жер аударылды. 1943 жылы Солтүстік Кавказдан 11711 қарашай отбасы (45529 адам), ал 1944 жылы 89901 шешен-ингуш отбасы (406375 адам) және 4660 балқар отбасы (21150 адам) депортацияланды. Аталған жылда қалмақтар (2668 адам), түріктер (13260 адам), күрдтер (5530 адам) ата қоныстарынан аластатылып, қазақ жеріне әкелінді. 1954 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша Қазақстанға қоныс аударғандардың саны 2 млн. адамға жетті [5, 187-188 б.]. Егер, ғасыр басында қазақ халқының мың жылдықтар бойында қалыптасқан шаруашылығы мен өмір сүру салтын бұзу, жасанды аштық арқылы санын шектеу орын алса, ендігі кезекте Қазақстанды «халықтар зертханасына» айналдыру, өз елінде мемлекет құрушы ұлтты азшылық етіп ассимиляцияға ұшыратудың жолдары іске асырылды. КСРО-ның 40-тан астам халқы күштеп жер аударуға ұшырады, көпшілігі толықтай депортацияланды. 1930-1950 жылдары аралығында өздерінің туған жерлерінен 3,5 млн-ға жуық адам шеттетілді, өзге аймақтарға жер аударылды [6, 11 б.]. Арнайы жер аударылғандардың басты легі Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға бағытталды.

Халықтарды Қазақстанға күштеп жер аудару кезінде жергілікті халықтың да тұрмыс жағдайы ауыр болатын, арнайы жер аударылған халықтарды кеңірек талқыламас бұрын жергілікті халықтың жағдайын қарастырып өтелік. Аштық пен саяси репрессиядан кейін басталған ІІ Дүниежүзілік соғыс бүкіл одақ көлемінде де жеке кеңестік Қазақстан ауқымында да халықтың тұрмыс жағдайын өте ауыр деңгейге түсіріп жіберді. «Барлығы майдан үшін» ұраны асыра сілтеушілік тұрақты сипатқа айналған елде тылдағы халықтың қайыршы күйде қалуына әкелді.

1943 жылдың 6 қазанында Жамбыл облысы еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Ш. Калкенов пен хатшысы М. Жаксылыков бекіткен хаттаманың «Эпидемиялық ауру түрлерімен күрес жұмыстарының жағдайы туралы» есебінде бірқатар факттерге көз жеткізе аламыз. Құжатта облыста әлі де жаңа моншалар мен 137 қарапайым дезинфекциялаушы камералардың салынбағандығы аталады. Бөртпе сүзегі мен іш сүзегіне азаматтардың шалдығуы Жамбыл қаласы мен Шу, Мерке, Красногорский аудандарында әдеттегі шамадан асып кеткен. Қалалық монша 1943 жылы тек 26 күн қызмет көрсетсе, Красногорскадағы монша 3 ай ғана жұмыс жасаған. 1943-1944 есептік жылдың күзгі-қысқы маусымдарында моншаларға қажетті отын мүлдем қамтамасыз етілмеді [7]. Моншалардың жетіспеуі, өте сирек жұмыс жасауы және ауыр тұрмыстық жағдай салдары эпидемиялық аурулардың таралуына себеп тудырды. Аталған қиындық сынды ауыртпалықтар түрлі деңгейде кеңестік Қазақстанның барлық аймақтарында орын алды. Ауыр жағдайдағы ұлттың үстінен басқа да «жазаланған халықтарды» күштеп әкеліп, барлығын бірге зор күйзеліске саналы түрде ұшыратудың өзі де «мақсатты қылмыс» деп білемін.

XX ғасырдың елуінші жылдарының соңына қарай Қазақстандағы жоғары оқу орындарында тұрақты түрде қазақ тілді топтарға бөлінетін орын саны қысқартыла бастады. Қазақ тобына оқуға түсу жасанды түрде шектелгендіктен қазақтар балаларын орыс тілді мектептерге берді. Осылайша ұлттық тілді екінші қатарға ығыстыру саясаты жүзеге асты, бұл тілсіздендірудің бір амалы ғана болатын. Аталған үдеріс ортақ орыс тілінде сөйлейтін, билікке сөзсіз бағынатын, атеизмге сенетін, туған атасын ұмытып қызыл көсемдерді пір тұтатын «кеңестік ұлтты» құрудың көрінісі болатын.

Қазақстанға және Орталық Азияның өзге елдеріне жер аударылған халықтардың басым бөлігі XX ғасырдың ортасынан бастап өз тарихи отандарына оралуға мүмкіндікке ие болып, туған жерлеріне көшті. Кеңестік ұлтқа айналуы тиіс болған қазақтар мен жер аударылып келген халықтар белгілі бір өзгерістерге ұшырағанымен өз ұлттық сипаттарын сақтап қалды. «Хомо советикус» атты мысқылды терминді өмірде ақиқатқа айналдырмақ болған қызыл империя да ғасыр соңы тарих сахнасынан кетті. Бүгінгі жаһандану кезеңінде де ұлттылықтан ажырап қалмауымыз үшін тарихтан сабақ алғанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Смутное время. Неизвестные страницы известной истории/ Б.Аяган, А.Ауанасова, Е. Нурпеисов. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2017.-320 с.
2. Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. –480 бет.
3. Камерон С. Аштық жайлаған дала: Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Алматы: «Print House Geronа», 2020.–304 бет.
4. Галиев В.З. Книга, разбудившая народ. (Разыскания о Мыржакыше Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!»). –Алматы: Мектеп, 2011. –528 с.
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. –616 бет.
6. Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. –Алматы «Данекер», 2000. –274с.
7. Жамбыл облысының мемлекеттік архиві, 399-қ., 1-т., 370-іс, 21-п.

1937 ЖЫЛҒЫ «ҚАРАҒАНДЫ ІСІ» БОЙЫНША КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР

Өскембаев Қ.С.,

т.ғ.к., Астана халықаралық университетінің доценті

Аубакирова Қ.Ш.

т.ғ.к., Еуразия гуманитарлық институтының доценті

1937-1938 жылдары Қазақстанның партия және кеңес басшы қызметкерлері арасында да қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың саны күн санап өсе бастады. Бұл да қазақ тарихының қайғысы мол, қасіреті ауыр парақтарының бірі. Жазалаудың маңызын асырып көрсету үшін РКФСР ХКК Төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов, КСРО БОАК хатшысының орынбасары Н. Нұрмақов, Қазақ КСР ОАК төрағасы Ұ. Құлымбетов бастаған *«национал-фашистердің» «Қазақстанды КСРО-дан бөлуге және оны Жапонияның протекторатына беруге әрекет жасағандары»* туралы болжам ойдан шығарылды және оларға жапон-герман тыңшылары деген жала жабылды.

Тағылған айыптар ақылға қонбайтын жалалалардан тұрды. Осы стандартты әдетке айналған айыптаулар республиканың барлық басшы қызметкерлеріне және мәдениет қайраткерлеріне түгелдей дерлік таңылды, бұл Қазақстандағы қуғын-сүргіннің өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Мәселен, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинге мына тұрғыдағы айып тағылды: *«Қазақ КСР НКВД МҚБ-сы кеңінен тарамданған антисоветтік ұлтшыл, террорлық-көтеріліс, тыңшылық-диверсиялық пиғылдағы ұйымды әшкереледі. Осы ұйымның қойған міндеті Кеңес өкіметін құлату, Қазақстанды қарулы күшпен КСРО-дан ажырату және Жапонияның қамқорлығымен Қазақ буржуазиялық мемлекетін құру болды»* [1, 428]. Осы мақсаттарда антисоветтік ұлтшыл ұйым өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында диверсиялық (қаскүнемдік) зиянкестік жұмыс жүргізіп, қарулы көтеріліс дайындады, оны КСРО-ға қарсы шетелдік соғыс интервенциясына орайластырды, сондай-ақ олар БК(б)П және Кеңес үкіметінің басшыларына қарсы террор жасауды көздеген. Антисоветтік ұлтшыл ұйым өзінің астыртын аудандық және облыстық филиалдарын құру, оларға контрреволюциялық ұлтшыл кадрларды, алашордашыларды, бұрынғы жендеттерді (жазалаушыларды), басмашыларды, көтеріліс қозғалыстарына белсенді қатысушыларды, молдаларды, байларды және басқа да антисоветтік элементтерді тарту бойынша жұмысты кеңінен өрістеткен. Мысалы, 1931 жылдары Қарағанды облысы Шет ауданы бойынша да бір топ ауыл еңбеккерлеріне жала жабылып іс көтерілгені тарихтан белгілі. Бұл туралы ҚР ҰҚК Қарағанды облысының Департаменті мұрағатында №02251-істе сақталған. Онда қазақ ұлтшылдары мен бай шонжарлардың мүддесін қорғап бой көтерген халық наразылығы және олардың басшылары жайлы айтылады.

1937 жылғы Қазақстандағы *«контрреволюциялық ұйымдардың»* Рысқұлов, Нұрмақов, Қожанов және Құлымбетов бастаған басқару орталығы Кеңес мемлекетіне қарсы күресті кеңейту мен күшейту мақсатында халық жаулары Троцкий, Зиновьев, Бухарин және Рыков бастаған оңшыл контрреволюциялық ұйым орталығымен саяси және ұйымдық одақ (блок)